

А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «АЛТЫНШЫ ҚАРА СӨЗІНЕ»
АУДАРМАШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

«Адам көркі – ақыл» деп Мұхтар Әуезов айтып кеткендей, расында адамды адамнан ерекшелеп тұратын қасиет, ол – ақыл. Ендеше Абайдың алтыншы сөзінде осы айтып отырған ақыл жайында сөз болмақ. «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», – дейді Абай. Алдымен осы арада ақылға жеке тоқталып өтсем. Ақыл дегеніміз не? Ақыл– пайым мен парасаттан тұратын қасиет десем, артық болмас. Пайым- әрбір адамға тән ойлау жүйесінің төменгі буыны. Парасат болса, таным- білімдерді танып біле алатын жоғары қабілет. Ал, ақыл-ой дамуының ең жоғарғы дәрежесі, ол – даналық. Абайдың айтып отырған «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой,» осы асыл қасиеттер – даналықтың белгісі. Айтылған қасиеттерге ие адам жаманшылықтан алыс болатындығын айтады.

Абай «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген қазақтың мақалына кеңінен тоқталады. Бірліктің ақылға бірлік екенін тарқатып айтқан. Бірлік, тірлік сөздерінің түбіне терең бойлайды. Абай «Қазақ ойлайды: бірлік аты ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді». Бұлай дүние, мал, дәулет ортақ жерде кім болса сол бірлік қыла беретінін баяндайды. Яғни дүние мен мал бар жерде бірлік бола береді, тіпті ағайын емес бөтендер бірлік қыла береді. Бірақ, осы бірлік ағайынның арасына от салады. Бір-бірінен алмай бірлік болса дейді, Абай. Бұлай деп отырғаны, әр адам маңдай терімен еңбек етсе, алладан тілесе, еңбегі еш кетпейді. Осы тұрғыдан келгенде Абайдың алтыншы сөзінің адамға берер тәрбиелік мәні үлкен. Адамды адамгершілікке шақырып, адалдыққа үндейді. Мал үшін ар - намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауының бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын айтады. Және осы жаман әдеттерден қашық болудың жолын көрсетеді.

Ендігі мәселе, тірлік жөнінде болмақ. «Ырыс алды – тірлік» дейді. Көзі ашық, көкірегі ояу адам ырысты ешқашан да дұшпан қылмайды. Абайдың айтып кеткен тірлігі көкірегі ояу адамда. Адал еңбекпен, ерінбей еңбек қылсаң ырыс ұялайды. Сол кездегі қорқақ, жауапкершілікті мойнына алмайтын адамдар жайында айтқан. Ар ойламай, пайда ойлайтындар жайында. Бос мақтауға еріп, ақымақтыққа баратындар тағы бар. Осы арада Абайдың тағы бір асыл сөзі еске түседі, «Сенбе жұртқа тұрса да, қанша мақтап, күлкі етеді ішінен қулық сақтап, өзіңе сен, өзінді алып шығар, ақылың мен білімің екі жақтап». Тағы да ақыл мен білім.

Жалпы Абай қара сөзінде, басқа да шығармаларында білімсіздікті, надандықты, имансыздықты, жалқаулықты, сөзуарлықты, екіжүзділікті, күншілдікті тағы басқа да жаман әдеттерді сынға алады. Және сол жаман әдеттерден арылудың жолын көрсетеді. Жақсы болудың жөнін айтады.

Абайдың алтыншы сөзінде түйсігі бар жанға ой салар дүниелер айтылған. Малға емес, ақылға бірлік болған жерде береке болады. Ағайын ақылға бірлік қылса күндестік, көреалмаушылық, жалқаулық, араздық сияқты жаман әдеттерге жол берілмейді. Ағайын алмай бірлік қылса несібесін алладан тілейді, адаманан сұрамайды. Пәле іздемейді, шаруа іздейді. Өкпе артып, алдауға бармайды. Бәрі тату болады. Ақылға бірлік болған жерде жамандықтың жолы кесіліп, жақсылықтың есігі ашылады.

Таңдап алған шығарманың түпнұсқасын аударма түпнұсқаларымен салыстыруда С. Санбаев, В. Шкловский, Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаевалардың аударма нұсқаларын алдым.

Түпнұсқа	С. Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаева аудармасы
Қазақтың бір мақалы «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді.	У казахов бытует пословица: «Единение – это верх искусства, а существование – основа достатка».	Одна из казахских пословиц гласит: «Начало уменя в объединении. Начало достатков в труде».	Одан из казахских половиц гласит: «начало успеха – единство, основа достатка – жизнь».
Жок, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес.	Возможно, единство разума, а не достояния.	Нет, единение в общности мысли, в общих намерениях, а не в минимой общности богатства, которое будто бы можно выпросить, у своей родни.	Нет, единство должно быть в умах, а не в общности добра.
Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады.	Если у тебя достаток, с тобой охотно объединятся не только родичи, но и чужаки, иноверцы.		Объединить можно людей различных по происхождению, религии и духу, щедро раздаривая им скот.
Кеселді жалқау, қылжакбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас	Лишь тунеядец и нахал, Готовой пище рад, всегда Хоть с виду ловок, мразь душой – Ведь жить он привык без стыда.	Ничемный лентяй, насмешник, Ты радуешься, что у тебя всегда готова еда. Ты суетишься, внутри ж ты ничтожен, Не знаешь конца своего, не знаешь стыда	Бездельник, лживый, зубоскал, Нахлебник и нахал. В душе холуй, на вид удал, Не выдает стыда.

Мақалдағы «бірлік» сөзі үш нұсқада әр түрлі берілген, мәселен С. Санбаевта «единение» бірлесу, бірлестіру деген мағынада болғанымен, аудармашы Абайдың ойын тура бергісі келгендей, мазмұны жағынан мағынасы жақсы берілген. Бірлік ұғымының мағынасын сақтап қалуға тырысқан деп ойлаймын. В. Шкловский болса, «Начало уменья в объединении. Начало достатка в труде» деп, «бірлікті» – «объединение», яғни іс-әрекетті білдіретін етіп аударған, тіпті, мақалдың көлемі сақталмаған, жай сөйлем қылып аударма салған. Абай өнер алды – бірлік, деп отырғаны, бірлік адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі. Жалпы адам баласының мақсат, мұрат мүдделері тоғысынан туындайды. Күншілдік, іштарлық, араздық сияқты жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған. Бірлік елдіктің, ұлт болып ұйысып отырудың басты кепілі саналған. Яғни «бірлік» сөзі бұ жерде этикалық ұғым. Сондықтан В. Шкловский нұсқасын дұрыс деп санамаймын. Жалпы қара сөздің көлемі де сақталмаған. Қысқа әрі қарапайым тілмен тәржімаланған деп ойлаймын. Ал, Ролан Сейсенбаев пен Клара Серікбаеваға келетін болсақ, «бірлік» сөзін «единство» деп «тірлік» сөзін «жизнь» деп мақалдың ұйқасын таба білген. Жаңағы айтып өткенімдей қазақтың мақалындағы Абай айтып отырған «бірлік» сөзінің мәнін тура мағынада емес, «начало успеха – единство, основа достатка – жизнь» деп астарлы мағынаны жеткізе білген. В. Шкловский «тірлік» сөзін «труд» деп алса, С. Санбаев «существование» деп тәржімалаған. «Труд» деп айтып отырғаны еңбек. Тірлік, еңбек синонимдес болғандықтан, дұрыс емес деп айтуға болмайды. С.Санбаевтың нұсқасында «существование – основа достатка» мағынасына тіршілік ету. Абайдың айтып отырғаны «ырыс алды – тірлік», ерінбей өзбетіңше еңбек етсең, берекелі болады дегені. Тірлік қылсаң, ырыс ұялайды, атқарылған ісіңнің берекесі кіріп, еңбегің жанады деп отыр. Сондықтан бұл тәржіма ырыс алды тірліктің мағынасын бере алмаған деген ойдамын. Терең ой жатқан қазақтың керемет мақалын Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаева аудармалыр толығымен сәйкес, эквивалентін тапқан, яғни адекватты аударма деп ойлаймын.

Келесі айтылатын мәселе «жоқ, бірлік малға бірлік емес, ақылға бірлік». Абайдың айтып отырғаны, бұл жерде пайда қылам деп, арыңды сатпа дейді. Адал еңбек етсең, қызығын көресің. Біреудікіне тиіспе. Бәрі бір берекесі болмайды. Осы тұста Абайдың тағы тағы бір сөзін айта кеткен жөн болар. «Сенбе жұртқа тұрса да, қанша мақтап

Күлкі етеді, ішінен құлық сақтап,
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар

Білімің мен ақылың екі жақтап», өтірік мақтауға сеніп, қателікке ұрынба деп отыр. Ақылың мен біліміңе сен дейді. Нық айтады. Осыны С. Санбаев «возможно, единство разума, а не достояния» деп болжаммен ғана тәржімалаған. «Мал» сөзін «достояния», «бірлікті» «единство» деп алғаны дұрыс, дегенмен Абай жоқ сөзі арқылы бірліктің ақылға бірлік екендігін анық айтып отыр. Осыны аудармашы болжамды етіп жеткізген. Ал, В. Шкловскийдің аудармасында ойды ұзақ берген, оның өзінде тура емсе, ойдың ортақ екенін, «единение в общности мысли» деп. «Общность» сөзі жалпылық

мағынада. Меніңше, бұл нұсқа адекватты аудармаға жатпайды. Ой шұбалаңқы болғандықтан, нақтылық жоқ. Автордың не айтқысы келгенінде түсінбегеннен болар. «Мал» сөзін «богатство» деп алған. Онымен келісуге болады. Себебі, қазақтар малды байлыққа теңеген. Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаеваның нұсқасына келер болсақ, бұнда да «бірлікті» «единство» деп, ал «мал» сөзін «добро» деп аударған. «Добро» деп яғни малды жақсылыққа теңеп отыр. Дайын малдан пайда жоқ, деп ойын жеткізгісі келген болар. Аудармашылардың бұл нұсқасын қате деп те, дұрыс деп те айту қиын. Ой астарлы жеткізілгендей.

«Ақыл» сөзі С. Санбаев аудармасында «разум», – деп тәржімаланған. Дұрыс, түсінікті аударылған. Түпнұсқада айтылған ойды дәл, әрі көлемін сақтай отырып, ақыл сөзінің баламасын таба білген. Бір кемшілік, жоғарыда айтып кеткенімдей, «возможно» сөзін қосу арқылы аудармашы өз тарапынан бірдеңе қосты деп айтып кеткен жөн болар. Автордың ойы сенімді айтылып тұрған болса, тәржімада болжанып жеткізілгендіктен, автордың ойын дұрыс бере алмаған. «Возможно» сөзін мүлдем алып тастаса да болар еді. Алайда В. Шкловский аударма нұсқасында «ақылды» «мысль» деп тәржімілаған. Бұл аудармада ойды жеткізгісі келгенімен, дұрыс баламасын бере алмаған. Ой мен ақыл екеуі екі бөлек. Ой, қандай да пікір білдіру. Ал, ақыл болса – касиет. Сондықтан, Шкловский аударма нұсқасын адекватты аударма деп айта алмаймын. Бәлкім, автордың ойын бергісі келген болар.

Бірінші абзацтағы мақалды аудармашылардың нұсқаларын салыстыра келе, меніңше түпнұсқаға сай келетіні Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаеваның аудармасы. Себебі, мағынасы өзгермеген, аударма тарапынан ештеңе қосылмаған. Нақты әрі түсінікті. Автордың айтқысы келген ойы, мағынасы жағынан да адекватты аударма деп айтуға әбден болады.

Ендігі айтылатын мәселе, «Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады». С. Санбаев аудармасында «Если у тебя достаток, с тобой охотно объединятся не только родичи, но и чужаки, иноверцы» деп тәржімаланған. Аудармашы атасы басқа, діні басқа, күні басқа тіркестеріне «чужак», «иноверец» баламаларын берген. Чужак бөтен деген мағынаны білдіреді, иноверец діні басқа адамды айтады, онысымен келісуге болады. Бірақ, құлаққа жағымды деп айта алмаймын. Барынша аудармашы автордың нұсқасындағы мағынаны беруге тырысқан деп ойлаймын. Дегенмен, Абайдың ойын нақты көрсете алмаған. Осы тәржіма Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаеваның нұсқасында «Объединить можно людей различных по происхождению, религии и духу, щедро раздаривая им скот». Абайдың не жөнінде айтқанын толығымен аударған деген ойдамын. Аудармашылар тарапынан ештеңе қосылмаған, көлемін сақтай отырып, мағынасын тура бере білген. Әрі құлаққа жағымды. Эквиваленті табылған, адекватты аударма. Ал, В. Шкловский болса, аудармай тастап кеткен. Барынша қысқа да нұсқа беруге тырысқанымен, айтылу керек ойлар қалып кеткен. Оны керісінше, «Нет, единение в общности мысли, в общих намерениях, а не в минимой общности богатства, которое будто бы можно выпросить, у своей родни» тәржімасындағы «Бірлік–ақылға бірлік, малға бірлік емес» деген тіркеспен байланыстырып аударма салған. Тағы айта кететін мәселе, «бірлік малға сатылса

антұрғандықтың басы осы». Абай осы сөйлем арқылы азғындықты, надандықты меңзеп отыр. Орысша нұсқасын Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаева «Добиваться единства ценой скота — вот начало нравственного падения» деп берген. Антұрғандықты «начало нравственного падения» деп эквивалентін дұрыс таба білген. Нравственное падение тіркесі орыстарда азғындаудың шегіне жету, бұзылудың шегіне бару деп айтылады екен. Яғни, надандық жайында. Аудармашылар осы тіркесті пайдалану мақсатында оқырманға түсінікті етіп жеткізе білген. Ал, В.Шкловский мен С.Санбаев мүлдем аудармаған.

Абай мына өлең шумағы арқылы өз заманындағы жатып ішер, арамтамақ, ісі мен сөзі сәйкес келе бермейтін, ар ойламай пайда ойлайтын, істеген қылығы үшін ұялмайтындар жайында ой толғап тұр. Істеген ісін жауапкершілікке ала бермейтін, екі сөйлейтіндерге өлең жолдары арқылы үндеу айтады.

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың – пысық, ішің – нас,

Артын ойлап ұялмас, - осы өлең тармақтары С.Санбаев тәржімасында:

Лишь тунеядец и нахал,

Готовой пище рад, всегда

Хоть с виду ловок, мразь душой

Ведь жить он привык без стыда.

Ал, Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаеваның аударма нұсқаларында:

Бездельник, лживый, зубоскал,

Нахлебник и нахал.

В душе холуй, на вид удал,

Не выдает стыда.

Ал, В.Шкловскийде былай аударылған:

Никчемный лентяй, насмешник,

Ты радуешься, что у тебя всегда готова еда.

Ты суетишься, внутри ж ты ничтожен,

Не знаешь конца своего, не знаешь стыда.

Үш нұсқада үш түрлі аударылған. Өлеңнің бірінші жолы С.Санбаев тәржімасында «Лишь тунеядец и нахал», түпнұсқадағы «кеселді жалқау» тіркесін «лишь» сын үстеуінің әсірелеуімен аударған. Тунеядец сөзін орысшадан аударғанда жатып ішер деген мағына береді. кеселді жалқау мен жатыр ішіер синонимдер болғандықтан дұрыс аударылған. Ал, қылжақбас сөзін нахал деп тәржімалағанға келіспеймін. Себебі, нахал деген арсыз, бетсіз, ұятсыз, дөрекі деп аударылады. Осы сөзіндің синонимдері бесстыдник, наглец, хам, циник болғандықтан, балагур немесе зубоскал деп алса дұрыс болар еді деп ойлаймын. Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаевалар «Бездельник, лживый, зубоскал» деп тәржімалаған. Аудармашылардың нұсқаларымен келісуге де болады, бірақ, лживый сөзін артық деуге де келмейді, себебі, жалқау қашан да енбек етпеу үшін түрлі айла мен таусылмайтын сылтау айтарда өтірік қатар жүретіні анық. Сондықтан бұл аударма нұсқасы дұрыс деп ойлаймын. В. Шкловский болса, карапайым түсінікті тілмен аударса салған. Өлеңнің екінші

жолында Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаевалар ойды астарлы жеткізуге тырысқан, тура мағынасында емес. Ал, С.Санбаев пен В.Шкловский калька аудармаға жүгінген секілді. Түпнұсқадағы ойды, мағынаны барынша көрсетуге тырысқан. Үшінші жолында алдамшы адам жайында айтылған. С.Санбаев пен Р.Сейсенбаев, К.Серікбаевалар Абайдың айтып отырған алдамшы адамға, надандыққа байланысты жақсы баламасын бере алған. Сыртың пысық деген тіркесті С.Санбаев «хоть с виду ловок» десе, Р.Сейсенбаев және К.Серікбаевалар «на вид удал» деп тәржімалаған. В.Шкловский аудармасы өлең жолымен жазылғанмен, қарапайым сөйлем болып кеткен. Ты суетишься деп алғаны қате деп ойлаймын. Абай айтқан надандықты іс-қимылмен етістікпен аударған. Суетишься сөзі әбігерге түсу, абыржу, сасқалақтау, тынышсыздану деген мағынада. Надандық бар жерде бұл іс-әрекеттердің болатыны анық. Дегенмен, автор алдамшы адамның қандай болатынын сипаттаған. Ты суетишься, внутри ж ты ничтожен, яғни мүсәпірсің, бейшарасың деп тәржімалаған. Бұл жерде қолынан іс келмейтін адам жайында сияқты, меніңше. Ал, Абай айтып тұрған адам керісінше сыртқы келбеті қолынан бәрі келетін, ал негізі болса, жатып ішер жалқау. Сөзі басқа ісі басқа. Қолына іс келсе де ертенге қалдырып жүретіндер жайында. Мүсәпір тұрмыс-тіршілікке қатысты сөз сияқты. Сондықтан В.Шкловский аударма нұсқасын дұрыс ойламаймын. Тағы бір айта кететін мәселе, өлең жолын жай сөйлем етіп аударма салған.

«Артын ойлап ұялмас», соңғы өлең жолын С.Санбаев «Ведь жить он привык без стыда» деп тәржімалады. В.Шкловский нұсқасы «Не знаешь конца своего, не знаешь стыда» Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаева «Не ведает стыда» деген. Артын ойлап ұялмас, яғни бүгін істеген істеріне ертең жауап бермей жүре беретіндер жайында. Арсыз, санасыз адамның бейнесі. С.Санбаев ведь деген күшейткіш жалғаулықты пайдалану мақсатында сенімді айтып отыр. Астарламай, нақты жеткізілген. Бәлкім, басқа нұсқасымен тәржімалауға болар ма еді, дегенмен, дұрыс емес деп айтуға келмейді. Қарапайым әрі түсінікті. Астарлы ой жоқ. Осы өлең жолының соңғы тармағын В.Шкловский артын ойлап дегенді «не знаешь конца своего». Ұялмасты «не знаешь стыда» деп тәржімалаған. Қай дүниені де артына дейін білмейсің, ұятты да білмейсің деп түсіндіруге тырысқан. Шұбалаңқы, кайталама сөздер де бар. Абайдың ойымен тұспа-тұс келу қиынның қиыны. Десекте аудармашы түпнұсқадағы ойды түсінуге тырысқан секілді. Адекватты аударма деуге келісуге болады және болмайды деген екі түрлі ой қалдырып тұрғаны анық. Келіспеймін, келісемін деп те айта алмаймын. Өз тарапынан қосу жоқ, алайда сөйлемді қысқарту керек деп ойлаймын. Айтып кеткенімдей Абайдың ойына жету қиынның қиыны, дегенмен Шкловский тырысып баққан. Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаева «Не ведает стыда» бұл аудармаларымен келіспеймін. Себебі, жай ғана ұятты білмейді деп тәржімалай салған. Тағы бір ой жетіспейтін секілді. Аударған өлеңдері түсінікті болғанымен соңғы жолын дегенмен, нақты қорытып тәржімалау керек еді. Адам ісінің жаман қылықтары ұятты білмейді, ол түсінікті әрине, бірақ аударма кезінде түпнұсқаға көбірек зер салмаған. Түпнұсқада артын ойлап ұялмас болса, тәржімада ұятты білмейді делінген.

Абай артын ойлап ұялмас деп бір жолға ойын толық, үш-ақ сөзбен сидырып отыр. ал аудармада жай ғана ұятты білмейді. Жаман іс-әрекеттерінің арты не болатынын, соны ойлап ұялмайтын адам жайында ашып айтып отыр емес пе. Аудармашылар артын ойлап дегенді мүлдем тастап кетіп отыр. аудару кезінде автордың ойын қашан да ескеру керек. Ал, бұл мұста ескерілмеген. Сондықтан, тәржіманың бұл нұсқасы менің көңілімнен шықты дей алмаймын.

Осындай мәселелер талданып, талқыланды. Абайдың алтыншы қара сөзін аударған аудармашылар барынша түп нұсқаның ойын беруге тырысқанымен, жетіспейтін тұстары көп кездеседі. В.Шкловский тәржімасы тым қысқа. Себебі, ол қазақша ойлап, қорыта алмағандақтан деп, ойлаймын. Мақалды мақал етіп те тәржімалай алмаған. Дегенмен, жаман емес. Алайда, Абайды аудару үшін, көп оқу керек, тоқу керек. Қазақ аудармашылары да барынша тырысып баққан. С.Санбаев аударма нұсқасы шұбалаңқы, ой анық емес. Көлемі жағын да сақтай білмеген. Кейбір тұстарымен келісуге болады әрине. Менің көңілімнен шыққаны Р.Сейсенбаев пен К.Серікбаевалар. Бәлкім, бұл аудармашылар Абайдың қандай ой айтқалы тұрғанын түсінген болар. Дегенмен, Абайдың ойына терең бойлап, оны ұғынып, түйсінуге көп ізденіс керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 124 бет.
2. <http://abai-inst.kz/>
3. Аударма ісі: байырғы трактаттар мен кейінгі толғамдар: хрестоматия/Құраст.: Ж.Дәдебаев, Ә.Тарақ, Л.Мұсалы, Е.Кәрібозов, Г.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 262 б.